

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Аққожина Нүргүл

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, халықаралық құқық магистрі
akkojina@inbox.ru

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын, соның ішінде қауіпсіздік саласын бірнеше кезеңдер мен деңгейлерге бөлгенде, бірінші деңгей, Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі болса, екінші деңгей — аймақтық қауіпсіздік болып табылады. Қазақстан Республикасының аймақтық қауіпсіздік жүйесін мынадай кезеңдерге бөлу арқылы қарастыруға болады: ТМД шеңберінде атқарған істері, Еуропалық бағыт және Азиялық бағыт бойынша.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстанның ауқымды жұмыс атқарғаны байқалады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген сәттен бастап, егемендігін сақтап қалуға бар күшін салды. Яғни, мемлекетіміз қауіпсіздік белдеуін жасап, халықаралық құқық негізінде татулық пен достастық орнатты. Ел президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан 2030» жолдауында айтылғандай: «Қауіпсіздіктің басымдылығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамытуын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және катал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптасып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре, байсалды әрі барабар бағалауды талап етеді». [1, 35б.]

Күн тәртібіне қойылып отырған жалпы тақырыптық маңызды мәселелердің бірі бүгінгі тарихи дамуда оның басты факторларының бірі ұлттық, аймақтық және әлемдік деңгейдегі ынтымақтастық болып табылады. Қазақстан үшін тұрақтылық басымдылық берілетін аса маңызды бағыт болды және болашақта да солай болып қала бермек. Сондықтан халықаралық аренадағы қауіпсіздік мақсатында жасалған әрбір қадам, Қазақстанда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталған.

Мемлекеттер қауіпсіздігі проблемасын халықаралық құқық жүйесі тұрғысынан қарастырғанда, мемлекет оның негізгі құрылымы болғандықтан, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай тетігі бар деп айтуға болады. Мемлекеттер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және бейбітшілікті нығайтуға жәрдемдесу сияқты халықаралық қауымдастықтың барлық қатысушыларының негізгі мақсат міндеттері ретінде қарастырылады. Мемлекеттердің сыртқы саясаттағы бағыт бағдарлары халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында әрекет ететін қазіргі заманғы халықаралық құқық нормаларын пайдалануды көздейді.

Халықаралық іс-тәжірибеде халықаралық-құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларының жеке аспектілері бойынша мемлекеттердің біршама тәжірибелері бар. Сол арқылы мемлекеттер қауіпсіздігінің құқықтық кепілдемелерінің қалыптасу және даму мәселелерін біршама саралауға мүмкіндік туады.

Кез-келген мемлекет халықаралық құқықтың субъектісі ретінде «қауіпсіздік» ұғымына сүйене отырып, біріншіден, жағымсыз ықпал етулерден сақтану, қауіпсіз болу жағдайын; екіншіден, нақты мемлекеттің осындай ықпал етулерді дербес немесе халықаралық-құқықтық тетік көмегімен жеңу қабілетін көздейді. Мемлекеттің халықаралық

қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетігі оның халықаралық құқықтың басқа субъектілерімен қатынастарында өзара қорғану және өмір сүруге кепіл беретін шарт жағдайлар жиынтығын көрсетеді.[2] Яғни, осы уақытқа дейінгі, қауіпсіздік зерттеуінің алуан түрлілігі, бұл ұғымның сипаттамасы мен қазіргі күйіне пара пар болып келеді. Б.Бьюзеннің қауіпсіздік теориясында «қауіпсіздік кешені» деген түсінік бар. Бьюзен қауіпсіздік кешенінде факторларды төрт негізгі топқа бөліп қарастырады:

1. Мемлекеттердің территориясының жақын орналасуы;
2. Мемлекеттердің белгілі бір қауіпсіздік саласында қатынастың болуы;
3. Мемлекеттің ұлттық бәсекелестігі мен қызығушылықтарының бір-біріне байланысты болуы;
4. Достық қарым-қатынаста болып, күштеу немесе қауіп қатер кезінде көмектесу. [3, 73]

Яғни, бұл пайымдау қазіргі уақыттағы, ұлттық қауіпсіздікті кем дегенде аймақтық қауіпсіздік арқылы қамтамасыз ету қажет деген түсінікпен пара пар болып келеді.

Қазіргі таңда, жаһандану процесіне байланысты аймақтық және жаһандық қауіпсіздік бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Қауіпсіздік халықаралық, аймақтық, және ұлттық деңгейде қарастырылып, кез-келген деңгейде әр түрлі факторлар кешенімен қамтамасыз етіледі. Яғни, қауіпсіздік жайлы зерттеулердің маңызды аспектілерінің бірі аймақтық қауіпсіздік болып табылады. Ол мемлекет мүдделерінің қорғаныстағы күйі. Аймақтық қауіпсіздік мәселелері ұлттық мәселелер шеңберін кеңейтетін түсінік. Себебі, белгілі бір аймақ сегменті болып табылатын жеке бір мемлекеттің қауіпсіздігін аймақтық қауіпсіздіктен тыс қарастыру мүмкін емес. Аймақтағы қауіпсіздік, тұрақтылық беталыстары сол аймақта орналасқан мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсерін тигізеді. Аймақтық қауіпсіздік негізі — аймақтағы геосаяси балансты қамтамасыз ету болып табылады. Қауіпсіздік пен демократия сынды ұғымдар арасында тығыз байланыс бар. Бұл байланыс ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Ол саяси қауіпсіздік арқылы көрініс табады. Мемлекеттердің сыртқы немесе ішкі қатерлеріне төтеп беру мүмкіндіктері тікелей демократиялық даму деңгейіне байланысты. [4, 59-62 б.]

Халықаралық қауіпсіздік жүйесінен басқа БҰҰ Жарғысында бейбітшілікті сақтау мақсатында аймақтық қауіпсіздік жүйесін құруға мүмкіндік береді. Яғни, аймақтық қауіпсіздік жүйесі әлемдік қауіпсіздік жүйесінің бір құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған сәйкес, аймақтық қауіпсіздік — халықаралық қауіпсіздіктің құраушы бір бөлігі. [5, 373 б.]

Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік мәселесінің өзіндік және күрделі сипаттамасы бар. Яғни, бұл мәселелер аймақтағы мемлекеттердің тәуелсіздікке ие болуымен байланыстырылады, яғни бұған экономикалық құлдырау, қоғамдағы тұрақсыздық және саяси әлсіздік жатады. Осыған қарамастан, мемлекеттер бірыңғай аймақтық қауіпсіздік жүйесін құруға ұмтылды. Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттері геосаяси процесстерге әрекет ете алады. Бұған мысал ретінде, ШЫҰ шеңберіндегі әскери-саяси күштерді келтіруге болады. Яғни, бұл Ұйым, Орталық Азияда аймақтық қауіпсіздік жүйесін құруды бастап, аймақтағы әскери-саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа кепілдеме бере алады. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастық — Қазақстан Республикасы үшін сыртқы саясатындағы басты бағыттардың бірі. Қазіргі таңда АӨСШК, ШЫҰ және ҰҚШҰ-ы сияқты кез келген халықаралық құрылымдарда Қазақстан Республикасының қауіпсіздік пен тұрақтылықты қолдаудағы іс-әрекеттері жоғары бағаланады. [6]

Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабында айтылғандай, Қазақстан Республикасы халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік негізінде қарым қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді және қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады. [7, 6 б.] Яғни,

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаларын толық қолдайды. Осыған орай, Қазақстан Республикасының БҰҰ БА 66 сессиясындағы халықаралық сұрақтар бойынша ұстанымында айтылған, Қазақстан ядролық қарусыздану және таратпау идеясын қатал ұстанады. Халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі аса маңызды қадамдардың бірі 2009 жылы наурыз айында күшіне енген Орталық Азиядағы ядролық қару-жарақтан тыс аймағын құру туралы шарты болды. Яғни, Қазақстан Республикасы ядролық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі аймақтық жоспар әрекетін әзірлеуді ұсынды. Бұл Орталық Азия аймағы шеңберінде ядролық терроризммен күресу және ядролық материалдарды таратпауды алдын алады. [8]

1992 жылғы 20 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңесті өткізу туралы ұсынысын Азия құрлығындағы халықаралық қатынастарда болып жатқан сапалы өзгерістердің заңды көрінісі ретінде қарауға болады. Азиядағы қауіпсіздік құрылымын құру үшін жауапкершілік ауыртпалығын халықаралық құқықтың субъектісі ретінде таяуда ғана тәуелсіз мемлекет өзіне алды. Қазақстан Республикасы халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану мәселелері өзінің барлық практикалық істерінде екі қағиданы негізге алды. Біріншісі, қазіргі бар геосаяси және геэкономикалық тенденцияларды барабар қабылдауы қажет, халықаралық қауіпсіздіктің жаңа құрылымдарының және тетіктерінің құрылысымен бірте-бірте айналысуы керек. Екіншісі, аймақтық қауіпсіздік жүйесін құра отырып, ғаламдық қауіпсіздікті нығайтудың тиімді жолдарын іздестіруі сияқты міндетті де ұмытпаған жөн. Стратегиялық тұрақтылық тетігінің өзіне тән ерекшелігі оның көп тарапты сипаты, яғни тиісті елдердің келісілген іс-қимылы болып табылады. Өзара іс-қимыл жасамай, өзара түсіністік таппай және ымыраға келуге дайын болмай қауіпсіздік саласында елеулі табысқа қол жеткізу туралы айту мүмкін емес. [9, 365 б.]

Сонымен қатар, терроризм, экстремизм және тағы басқа сыртқы қауіптер аймақтағы мемлекеттерді ШЫҰ-ның құрамына бірігуге итермелейді. Қазақстанның ШЫҰ бойынша әріптес елдермен тең дәрежелі диалогқа қатысуы Қазақстанның өңірдегі ұстанымын күшейтеді. Ұйымның қағидаттарына толық сәйкес келетін мемлекеттер арасында өзара сенім мен түсіністіктің арта түсуіне көмектеседі. ШЫҰ-ның 2 жетекші ойыншысы, Ресей мен Қытайдың арасында орналасқан Қазақстан аймақтық ынтымақтастықтың бастамалары мен жобаларын белсенді қолдайтын Ұйымның маңызды буыны болып табылады. 1996 жылы Шанхай үдерісі басталғалы бері Қазақстан — ШЫҰ аясында жан-жақты өзара іс-қимылдың белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстан Ұйымның аясында өтетін терроризмге қарсы әскери жаттығуларға, ғылыми конференциялар мен форумдарға тұрақты қатысып отырады. ШЫҰ құқықтық базасының нығаюына үлкен үлес қосып келеді. 2006 жылы Қазақстан Пекиндегі Хатшылықтың жанындағы және Ташкенттегі Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның Атқарушы комитетіндегі өзінің тұрақты өкілдігінің аппаратының алғашқы құрғандарының бірі болып табылады. Бүгінде ШЫҰ Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықтың барынша табысты модельдерінің бірі болып табылады. [10, 143-146 б.]

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылып өткендей, қазіргі уақытта қауіпсіздікті толықтай қамтамасыз ету үшін осы саладағы ынтымақтастық қажетті элементтердің бірі болып табылады. Аймақтық қауіпсіздік еліміздің маңызды бағыттарының бірі болғандықтан, осы саладағы ықпалдасудың өзі басым қадам болып отыр. Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың субъектісі болған күнінен бастап, өзін тек бейбітсүйгіш мемлекет ретінде ғана танытты. Яғни, еліміздің жасалған әрбір қадамы қауіпсіздікті жандандыруға, тек бейбітшілікке бағытталғаны анық. Ол ядролық қарудан бас тарту кезінде, сонымен қатар, халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болып және аймақтық құрылымдарда белсенді қызмет атқаруы мен кейбір бастамашылықтарынан көрінеді. Яғни, осы уақытқа дейін жасалған іс-шаралар, аймақтық қауіпсіздікке үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан — 2030. -Алматы, Юрист. -2007. 164б.;
2. Кулжабаева Ж.О. Международное публичное право;
3. Buzan B. People, States and Fear: The National Security Problem in International Relations. Harvester Wheatsheaf. 1996. Hemel Hempstead.;
4. Назарова Р. Орталық Азияның қауіпсіздік, тұрақтылық мәселелері және сыртқы факторлардың геосаяси стратегиялары. -Саясат-Policy. -05.05.2006.;
5. Ответ. редакторы – Колосов Ю.М., Кузнецов В.И.. Международное право. Москва. 1996.;
6. Ниятбеков В. Роль Казахстана в обеспечении региональной безопасности. //http://www.easttime.ru/analytic/1/3/983.html;
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Алматы. -Юрист. -2011 г.
8. The official site of the Permanent Mission of Kazakhstan to the United Nations – www.kazakhstanun.org;
9. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. -Астана. -Елорда. -2001. -552 стр.;
10. Сулейменова Л. История становления и развития ШОС: укрепление региональной безопасности, сотрудничества и стабильности. -Свободное общество. -2006. - №2.

УДК 341.1/8

IDEAS BEHIND FORMATION OF THE INTERNATIONAL SYSTEM OF HUMAN RIGHTS

Akhbotin Khamit

akhbotin@mail.ru

L.N. Gumiloyv Eurasian National University

Law Faculty

Master Student in «Integration law», first year

Research advisor – B.Yu. Shangirbayeva

The international system for the protection of human rights began to be used (or understood) in a broad, correlative sense: that is, it consists not only of a specific object of the rights of individuals, but also of fundamental freedoms inalienable from them (in this sense, this concept is also used in our dissertation research). A feature of the system under consideration is, undoubtedly, the so-called “international human rights standards”, which are interpreted in two ways: as strict legal obligations and as external forms of securing rights and freedoms in the form of sources or “code of international regulation of human rights”. The main purpose of such sources - "treaties and other international legal acts is ... to establish clear common standards for the behavior of states, to ensure their universal recognition and uniform application" [1]. Thus, they (standards) are “a sample, model, standard of a legal norm established by agreement between states” [2, p. 93] and, on which, in turn, control mechanisms and procedures are guided.

Thus, the international system for the protection of human rights, consistently assuming the creation, first of all, of legal guarantees, which are the creation of opportunities for regulating the